

**№2 Айгөлек бөбекжай балабақшасы меңгерушісінің жанындағы
кеңесте талқыланған балабақшада көрсетілген мемлекеттік қызметтің жай
күйіне жүргізілген ішкі бақылау қорытындысына
АНЫҚТАМА**

Алға қаласы

01.04.2025 жыл

2025 жылға арналған №2 Айгөлек бөбекжай балабақшасында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын жақсарту, кездескен кемшіліктерді жою және алдағы уақытта бұзушылықтар санын төмендету мақсатында әзірленген іс-шаралар жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 3 айы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге ішкі бақылау жүргізілді.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі қажетті мінез құлық нормалары. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібін бұзу – бұл заңнамамен немесе нормативтік құқықтық актілермен белгіленген қызмет ұсынудың процестерін реттейтін рәсімдерден ауытқу. Мұндай бұзушылықтарға әрекеттердің реттілігін сақтамау, қызмет көрсетудің міндетті сатыларын елемеу немесе басқа да кез келген ауытқу жатуы мүмкін. Жоғарыда аталған қызмет көрсету туралы өтінішті уақтылы тіркемеу сияқты қателіктер жіберілген болса, қызмет көрсету нәтижесі уақтылы берілгенімен тіркеу мерзімін кешіктіру мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібін бұзу болып табылады. Бұл қызмет түрі рұқсаттарға жатпағандықтан, бұзушылыққа жол берген маманы тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттар мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары талабына сәйкес рәсімделген.

Көрсетілген қызметті беруші, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағы 2-тармақшасына сәйкес мүмкіндігі шектеулі адамдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуы кезінде оларға қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

Тұрғындардың кедергісіз мемлекеттік қызметтерді алуына жағдай жасау мақсатында, өз-өзіне қызмет көрсету «Еgov» бұрыштары жасақталып, оларға тиісті техникалық құралдармен қамтамасыз етілген. (компьютер, принтер, сканер, веб камера т.б.)

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының қолжетімдігін қамтамасыз етеді. Ақпараттық стендте, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету қағидалары мен талаптары, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптарының тізбесі, өтініш үлгілері, тізімі, жауапты қызметкерлер және қызметті көрсету орны туралы ақпарат, сонымен қатар сенім телефон нөмірлері орналастырылған.

Балабақшада төмендегідей мемлекеттік қызмет көрсетіледі:
«Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі. Мемлекеттік тізілімге сәйкес 1 қызмет түрі тегін көрсетіледі.

2025 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз айларында жеке ата-аналардан қағаз түрінде арқылы 3 өтініш қабылданған.

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ешқандай бұзушылық анықталмады. Көрсетілген қызметті алушы ұсынылған құжаттары мен қызмет беруші

қабылдаған құжаттар осы қағида талыптарының 6 қосымшасындағы 8 тармақтағы қажетті құжаттар тізбесіне сай түгел жинақталған.

Ұсыныс:

- Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасы мен қолжетімділігін жақсарту бойынша іс-шаралары жалғастырылсын;
- Мемлекеттік қызметтердің әйгілігін арттыру үшін тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары күшейтілсін;

Менгеруші



Бердібаева

Б.Бердібаева